

## **КІШІ ЖУЗ ШЕЖІРЕСІНДЕ КЕЗДЕСЕТІН КЕЙБІР ЭТНОНИМДЕРДІҢ ТАНЫМДЫҚ МӘНІ ТУРАЛЫ**

Қазіргі таңда әлемдік және отандық тіл білі-мінің зерттеулері антропонегіздік талдауға бағытталған кезде, «әлемді тану», «әлемнің тілдік көрі-нісі», дүниеге ұлттық көзқараспен қарау проблемалары – сонау ықылым заманынан бері қалыптасқан ру, тайпа атауларының өн бойында сақталғанын көруге болады.

Соның бірі – казақ шежіресі. Шежіре – халықтың, ру, тайпаның шығу тегін, таралуын баян-дайтын, ұрпактан-ұрпакқа мұра болып сезбен таңбалаңған, ғасырлар қойнауынан бізге жеткен тарихи атаулар.

Шежіре – ұлттық танымды айқындауда халықтың тарихы мен салт-дәстүрі, нағым-сенімі, шарашылығы мен тыныс-тіршілігінен аса құнды мәліметтер береді.

Атау – белгілі тарихтың жаңғырығы. Олай болса, атаудың қалыптасуы мен дамуы, қолданылуы және күні бүгінге дейін жетуінде әрбір тарихи дәуірдің қажеттіліктерін бастан өткізгені бел-гілі. Егер, әр дәуір өзіне тән атауды тек атап қана қоймай, оны таниды десек, онда атауды тану, игеру процесі одан әрі тілде жалғасатынын ескерсек, онда кейбір ру, тайпа атауларын тілдік тұрғыда ұлттық таныммен байланыстыра отырып қараудың маңызы зор.

Осыдан келіп, тілде танымның өзара бірлігі, карым-қатысы анық көрінеді. Демек, кез келген атаудың тілдік көрінісі сол атауды қойған адамның, этностиң, ру-тайпаның танымдық-когнитив-тік болмысына қатысты басты фактордың бірі – өзі өмір сүріп отырған қоршаған ортанды танып-білуі.

Қоршаған ортаны (кеністікті) таңып-білуде – мал шаруашылығы жетекші рөл атқарғаны белгілі. Осының негізінде пайда болған кейбір ру, тайпа атаулары адамның (халықтың) материалды және рухани мәдени дүниетанымының қалыптасуына әсер етуі замандағы құбылыс.

Ш. Уәлиханов Орта Азия халықтарының аныздарына ортақ белгілердің бірі – олардың хайуаннан немесе аң-құстан таралатынын айта келіп, бұғы мен итке қатысты түрлі нағым-сенімді жан-жакты сез етсе<sup>1</sup>, ономаст-ғалым Т. Жанұзақов түркі халықтарындағы кейбір тотемдік атауларды зерттеген ғалымдар енбектеріне шолу жасай келіп, қазақ этонимдеріндегі тотемдік атаулар туралы: “Демек, қазак ру, тайпа аттарының біразы тотемдік ұғымға байланысты қойылуы, олардың шығу тарихының көнелігін, тым ертеден келе жатқанын аңғартады”<sup>2</sup>, – деп орынды қөрсетеді.

Түркі халықтары кой, қошқар, теке, бура, т.б. ежелден қадір тұтып, киелі санаған, олардың суреттері күні бүгінге дейін жартастарда кездесуі сонау тотемдік нағым-сенімнің шығынан хабар береді. Сонымен қатар, кейде киелі санаған хайу-

нға немесе аң-құсқа байланысты қойылған рулар географиялық орналасуы жағына қарай, ақ және қара деп жіктеліп отырған (караныз: ақ қойлы, қара қойлы – Ұлы жұз – Дулат тармағы – Сиқым).

Ғалым Б. Тілеубердиев: «Ономастикалық «жанжануарлар» концептісінде жоғарыда аталған когнитивтік онимиялық құрылымдардың уәждік экстралингвистикалық себептері, детерминанттары бар. Ол уәждік, тілден тыс детерминанттары этностиң мал шаруашылық, аңшылық, саятшылық, тотемдік т.б. факторлары болып табылады»<sup>3</sup> – деп жазады.

С.М. Абрамзон зерттеулеріне сүйене отырып, қырғыз халқындағы бұғы, бөрі, қызыл тайган, итәмген, т.б. тотемдік атаулар Кіші жұз рулары құрамында да кездесетінін байқауға болады (кестеден караныз)<sup>4</sup>.

Т. Жанұзақов қырғыздың жағалмай руымен (тотемдік) (“жагалмай – ұсақ жыртқыштар тұқымына жататын құс” атымен) Кіші жұздің Жетіру құрамындағы Жағалбайлы руын байланыстырып карайды<sup>5</sup>.

Зерттеліп отырған өнірде Қызылбас\* атауы

п/с	Кіші жұз шежіресі құрамындағы ру-тайпа аты	Мысалдар	Кіші Жұз құрамына кіретін және түркітілдес халықтарға ортақ ру-тайпаларға қатыстылығы		
			Байұлы	Әлімұлы	Жетіру
	Ақбура, Тоқбура				
	Қарабура				
	Арыстан				
1.	Арыстанбұғы	жер аты., Ат. обл.			
2.	Аю	- жер аты., Мах. ауд.			
	Бөрі				
	Байбөрі				
	Көкбөрі				
	Жағалбайлы				
	Итемген				
3.	Қошқар	с., Мақ. ауд.; жер аты., Маңқ. ауд.	Батақ тармагы		
4.	Қызылбас	көпір аты, Исад. ауд.			
	Қызылқұрт				
5.	Мойнақ	жер аты., Жылой ауд.	Тоқберлі тармағы; Жаппас тармағы ® Тоқай тармағы		
6.	Сұңқар	қыст., Құрм. ауд.			Абыздан

<sup>1</sup> Уәлиханов Ш. Таңдамалы. Алматы, 1985. 216-217. 227-228-бб.

<sup>2</sup> Жанұзақов Т. Қазақ этонимдерінің құрылышы мен сипаттары // Кіт.: Қазақ ономастикасының мәселелері. Алматы, 1986. 103-105-бб.

<sup>3</sup> Тілеубердиев Б. Қазақ ономастикасының лингвокогнитивтік аспектілері. Алматы, 2006. 159-б.

<sup>4</sup> Абрамзон С.М. Киргизы и их этногенетические и историко-культурные связи. Л., 1971. С. 275-289.

<sup>5</sup> Сонда, 104-б.

кездеседі. Ал “Қобыланды батыр” жырында ол – халық атауы түрінде берілген.

Мысалы: Аргы астында бұл таудың  
Қызылбастың елі бар  
Жасыл байтақ жері бар.

Регионда атау – көпір аты, жырда – халық атауы ретінде берілгенімен, біздінше, “қызылбас” сөзінің о бастағы мағынасы тотемдік негізде пайда болуы мүмкін.

Кіші жүздің Жетірудағы Бұрмақ тармағында қызылқұрт руы кездеседі. Т. Жанұзаков осы рудың екінші компонентіндегі құрт сөзі кейбір тілдерінде бөрі, қасқыр сөзінің синонимі деген пікіріне сүйеніп, ол о баста тотем мағынасында қойылуы мүмкін деп есептейді.

Кіші жүздің Әлімұлындағы Тәуентармағында Бөрі тотемдік ру аты ретінде жеке кездессе, Әлімұлының Карабазар тармағында “бөрі” сөзі “бай” сөзімен бірігіп, Байбөрі ру атын білдіреді. Сондай-ақ, Әлімұлының Баубек тармағында Қекбөрі тотемдік ру аты түрінде келеді. Ал “Алпамыс батыр” жырында ол адам аты түрінде берілген.

Мысалы: Жиделі-Байсын жерінде  
Қоңырат деген елінде  
Байбөрі деген бай шықты.

Т. Жанұзаков өз зерттеулерінде бай сөзі ру, тайпа аттарында б.з.б. 694-250 жылдардағы қытай жылнамаларында айтылатын алға тартып, жеке ру аты болғанын сөз етеді<sup>6</sup>.

Осы тұрғыдан келгенде, Кіші жүздің Әлімұлындағы Байбөрі руы о баста жеке-жеке (“бай” және “бөрі”) тотем мәнінде қойылған рулардың

бірігінен пайда болған деп ойлаймыз.

Үлттық танымдық қасиетті айқындауда, белгілеуде кез келген халықтың, ру, тайпа онимиясы өмір сүрген ортасына, кәсібіне әсер етеді.

Зерттеліп отырған өнірде құдық терминімен келген атаулар туралы Манқыстау облысының халық шаруашылығын зерттеген ғалым Ф.А. Михайлов: “Кұмды жердегі әрбір құдық немесе әрбір су аттары адамның немесе жеке жанұялардың өмір тіршілігінің көрінісі”<sup>7</sup>, – десе, В.А. Никонов: “Шығыста құдықтар жолаушылар үшін қандай маңызды болса, олардың атаулары да көптеген құпия сырға ие”<sup>8</sup>, – деп жазады.

Кіші жүз шежіресінде кездесетін ру аттарын танымдық тұрғыдан қарастыруда көзге түскен ерекшелік – құдық (еспе, орпа) терминдерінің келуімен қатар, сол өнірде бірді-екілі құдық қазушы адамдардың атымен қойылған атау да кездеседі.

Сондықтан да өнірде кездесетін Шат (жер аты., Манқ.обл.) атауын генотопоним деп қарап, ол КТС және М.Қашқари сөздіктерінде: “сат-колодец”<sup>9</sup>, – мағынасында берілген. Қазір бұл сөз атау түрінде сақталған.

Егер ертеде құдық қазу да үлкен өнер, кәсіп екендігін ескерсек, атау алғашқы құдық қазушы адамдардың “құдыққа тән атауды” сол жерлерде болып, көзбен көріп, колымен ұстап, таным-түсінігінде қалыптастырып, сол ортада өмір сүрген ру, тайпаның рухани және материалдық мәдениетінің дамуына үлес қосып, оның лексикалық жүйесінде көрініс табуы арқылы, кәсібіне байланысты қойылған деген ойға итермелейді.

Кез келген атау белгілі бір акпараттық мазмұн-

р/с	Кіші жүз шежіресі құрамындағы ру-тайпа аты	Мысалдар	Кіші Жүз құрамына кіретін және түркітілдес халықтарға ортақ ру-тайпаларға қатыстылығы		
			Байұлы	Әлімұлы	Жетіру
1.	Ақша	ур., Мах. ауд.			
2.	Балықшы	қтп., бұрын. ауд. аты., Ат. обл.	Адай	Сейітқұлдан	
	Қазақ	шығ., Ер. ауд.	а) Келімберді		
3.	Қойшы	қыст., Исад. ауд.			
4.	Темір	мола., Бейн. ауд.	Ата тармағы	Қайқы (Балқы) тармағы	Қараша тармағы
5.	Шат	жер аты., Маңқ. ауд.		Қалам тармағы	

\* Иран жұртын атаған

<sup>6</sup> Жанұзаков Т. Қазақ ономастикасының негізгі проблемалары: АДД. Алматы, 1974. 293-295-бб.

<sup>7</sup> Турсунова М. Из истории казахов Мангышлака в первой половине XIX века // Труды института истории, археологии и этнографии АН Каз ССР. Алма-Ата, 1961. Т. 1. С. 175.

<sup>8</sup> Никонов В.А. Сб.: Микротопонимия. М., 1967. С.5.

<sup>9</sup> Древнетюркский словарь. Л., 1969. С.141.; Кашгарий М. Девони луготип түрк. Ташкент, 1961. Т. 2. С.508.

ды білдіреді.

Атау ең алдымен, шындық өмірдегі, болмыстағы заттар мен құбылыстардың атавы болуымен, сол мақсатқа жұмсалуымен ғана шектелмей, сонымен бірге адамның объективті «шындық болмысты», оның бейнесін өзінің субъективті ішкі әлемі арқылы бейнелеу мақсатына да қызмет етеді.

Бұл жерде ескеретін нәрсе: атауға ат қоюда халықтың әлеуметтік-психологиялық, мәдени, тұрмыстық, дүниетанымдық тәжірибесі, салт-дәстүрі, нағым-сенімі, т.б. негізделсе, ал балаға ат қою белгілі қасиеттерден гөрі (кейде болады немесе болмайды), көбінесе ата-анасының түрлі субъектілік жағдайларына байланысты. Дейтүрғанмен, адам аттары белгілі бір нақты атауды білдіреді. Бұдан географиялық атау (топоним) мен адам аттарының (антропоним), сондай-ақ кейбір этнонимдік атаудың айырмашылығын көреміз.

Бір сөзбен айтқанда, ең алдымен, айналаны қоршаған органдың сыртқы және ішкі жағдайларымен тығыз байланыстылығы және тілімізде сөздің атау (номинатив) мағынасын айқындауда ішкі (тілдік) жағдайдан гөрі, сол сөзге сыртқы жағдайдың әсері көбірек сөз етілуінде.

Қазақтың занғар жазушысы М.О. Әуезов қазақ жерінің тауы мен тасы, өзені мен қоліне, т.б. ат қоюда үлкен мән жатқанын айта келіп: «Біздің казақ – жер аты, тау атын әманда сол органдың сыр-сипатына қарай қоя білген жүрт. Қайда, кандай бір елкеге барсан да, жер-су, жаңан дүзде кездескен кішкене бұлақ атының өзінде қаншама мән-мағына, шешілмеген құпия сыр жатады»<sup>10</sup>, – дегендегі, адамдардың табиғаттағы әр түрлі құбылыстарды бақылап, оны өз іс-әрекеттерімен, тәжірибесімен салыстырып, адам санасында қалыптасқан оймен байланысқан бейнелер түрінде әр түрлі нәрселердің ұқсас жақтарын табуы (ұқсастыруы), яғни метафоралық мағынаның немесе метафоралық когнитивтік проблемасы ру, тайпа атаулары (этноним) аясында жетекші рөл аткарғанын көруге болады.

Өйткені, метафора – басқа сөз мағына түрлеріне карағанда беретін мағынасы мен қолдану аясы әрі кен және әртүрлі. Бұл туралы ғалым А.А. Реформатский: «Перенос наименования при метафоре основан на сходстве вещей по цвету, форме, характере

ру движения и т.п.»<sup>11</sup>, – десе, ал география мен топонимика ғылымында метафоралық-терминдердің алатын орны туралы Э.М. Мурзаев<sup>12</sup>, Ф. Конқашпаев<sup>13</sup>, Н.И. Толстой<sup>14</sup> және О.Т. Молчанова<sup>15</sup> т.б. ғалымдар жазды. Мысалы, О.Т. Молчанова<sup>16</sup> Алтай топонимінің құрамындағы анатомиялық терминдер негізінде жасалған метафоралық мағынадағы топонимдердің пайда болуы туралы адам қоршаған ортамен танысып болған соң, ұқсастық белгілеріне көніл аударып ат қойған десе, қазақ ғалымы Ф. Конқашпаев: «...метафора – терминдер жер бедерінің белгілерін нақты беруге белсене қатысады»<sup>17</sup>, – деп жазады.

Адам өзі қоршаған органды, ең алдымен, сол органды, кеңістікті тануда, игеруде, жан-жағындағы географиялық нысандарын бағыт-бағдарлай отырып, ат қоя білген. Мұның өзі адамдардың кеңістікті, сол оргата орналасқан географиялық нысандарды тануда, белгілеуде (танбалауда) өзінің немесе жануарлардың дene мүшелеріне қатысты танымдық түсінікті (ұғымды) шебер пайдалана білген.

Әдетте, кез келген нәрсе емес, ең алдымен, тұрмыста жіңі қолданылатын, адамға етене жақын нәрселер, құбылыстар ұқсастырылады да, адам санасының ойында қорытылып, қалыптасып жүйеленген бейне туады. Сол мақсатта оларды мал, ұс, есімдік, т.б. параллель жасалады. Олай болса, метафоралық мағына, әсіресе, адамдар мен хайуандардың дene мүшелері арқылы жасалған этнонимдерде айқын көрініс табуы да занды құбылыс.

Оны төмендегі кестеден Кіші жұз шежіресі құрамындағы кейбір ру, тайпа атаулары соматикалық (анатомиялық) терминдердің қатысуымен жасалғанын көреміз.

Қорыта келгенде, Кіші жұз шежіресінде кездесетін кейбір ру, тайпа атауларын алдағы уақытта халықтың әлеуметтік-психологиялық, мәдени, тұрмыстық, т.б. жалпыхалықтық дүниетанымдық құбылысты тығыз бірлікте алып қарастырғанда, бұдан гөрі теренірек толғамдар мен ғылыми-теориялық байламдар айтуға болады деп есептейміз.

<sup>10</sup> Әбдірахманов Ә. Топонимика және этимология. Алматы, 1975. 51-б.

<sup>11</sup> Реформатский А.А. Введение в языкознание. М., 1960.

<sup>12</sup> Мурзаев Э.М. Очерки топонимики. М., 1974. С.126–136.

<sup>13</sup> Конқашпаев Г. Общие особенности тюркоязычной географической терминологии Средней Азии и Казахстана // В сб.: Вопросы географии. М., 1970. № 81. С. 176.

<sup>14</sup> Толстой Н.И. Славянская географическая терминология. М., 1969.

<sup>15</sup> Молчанова О.Т. Гидронмы и оронимы Горно-Алтайской автономной области (лингвистический анализ).

<sup>16</sup> Молчанова О.Т. Сонда, 15-б.

<sup>17</sup> Конқашпаев Г. Аталған еңбек. 176-б.

п/с	Анатомиялық терминдер	Географиялық мағынасы	Мысалдар <sup>1**</sup>	Кіші жүз шежіресі құрамындағы ру-тайпа аты <sup>***</sup>		
				Байұлы	Өлімұлы	Жетіру
1	2	3	4	5	6	7
1.	Айдар	конус тәрізді немесе үйліген тас сияқты төбе	<i>Айдарлы</i> – төбе, Құрм. ауд.	Алтын – Алтынбай – Сарым – Көзала – Ораз – <i>Айдар</i>	Өріс – <i>Айдарбек</i>	Табын- Жалайыр – Төртүл – <i>Айдар</i>
2.	Аяқ	өзеннің сағасы немесе бөлініп қалған судың тәменгі бөлігі, соңы	Бөлекаяқ-жер аты., Max. ауд.	Жаппас – Қаракөз – Солтақ – Сұлтангелді (Сарыаяқ)		
3.	Бақай	таудың, төбенің ең тәменгі бөлігі, соңы	<i>Бақай</i> – жер аты., Max. ауд.	Таз – Ес – <i>Бақай</i> ;		
4.	Бармақ	таудың, шыңың үшкір бөлігі немесе төбенің ең оқшаулау бөлігі			Бозғұл – Қайқы – Болат – Жаугашты – Қосбармақ;	Керейіт – Қоспамбет- Сандаулы – Қосбармақ
5.	Бас	қырат, төбе, су, өзеннің ең бірінші бастау жері, басы	<i>Айбас</i> – елд. м., Max. ауд.; жер аты., Қ.-кога ауд.; <i>Басшымырау-құд.</i> , Маңқ. ауд.; Қарамандыбас – ой., Ер. ауд.	Беріш – Байбакты – Әсілбас, Құсілбас (кейде Тұсілбас); Алаша – Құдайберді – Көбек – Сарбас	Айнық (Сарбас Қарасақал); Шөмекей – Токта – Есқара – <i>Айбас</i> ;	Жағалбайлы – Ілеz – Аққожа – Қошқар – Қарабас; Табын – Жалайыр – Бозымбет – Сары – Екібас; Тама – Бұрмақ – Аташал – <i>Басқұл</i> ; Табын – Жалайыр – Жаманкерей – Жобай – <i>Басиши</i>
6.	Көз	су, бұлақтың ең бірінші басталатын жері	<i>Көздіойық</i> - жер аты., Мұн. ауд.	Жаппас – Жансары – Қаракөз; Алтын – Ал- тынбай – Сарым – Көзала; Алтын-Жаппас-Көздалас	Өріс-Бәубек- Темірбақты-Алакөз	Табын – Жалайыр – Төртүл – Таушан-Алакөз

*Кестенің аяғы*

1	2	3	4	5	6	7
7.	Көт	төбе, не қырқаның төменгі бөлігінің (етегінің) соңы	Боқкөт – елд. м., Жылой ауд.			
8.		Қабақ	тәбешік, қырқа, тік жаға, құз	Қабаққұдық-қыст., Қ.-қоға ауд.		Шекті (Жаманақ)-Мәку-Бөлек – Айт-Қабақ; Бозғұл –
9.	Қас	төбенің, қырқаның төменгі бөлігіндегі (етегіндегі) жолдың бұрылыштары	Қасбийк-ерт. елд. м. орны., Исат. ауд.	Алтын-Алтынбай – Қасқұл	Қайқы (Балқы) – Қабақ;	
10.	Қарын	формасы, түрі қарынға үксас жер	Боқтықарын -жазғы жайл., Жылой ауд.			
11.	Қолқа	жылға, не сайдың көлемі жағынан үлкен түйісетін жері, арнасы арықтың, не судың екінші бір жерге ағызылтын тұсы, не басы тау, шың, төбе, қырқа, т.б. ашық орын	Сарықолқа – жер аты., Маңқ.ауд.			
12.	Құлақ	арықтың, не судың екінші бір жерге ағызылтын тұсы, не басы тау, шың, төбе, қырқа, т.б. ашық орын	Құлақ-жер аты., Жылой ауд.; құд., Бейн. ауд.	Келімберді-Мұғал – Жауалы – Қосқұлақ		
13.	Маңдай	мұйістің сүйірленіп алға шығып тұрган жері	Бозмұрын – жер аты., Манқ. ауд.; Қарамұрын-жер аты., Мах. ауд.	Жаппас – Тонаша (Сумұрын)		Рамадан – <i>Маңдай</i>
14.	Мұрын	төбенің үсіндегі оқшаулау орналасқан нәрсе	Ақсақал – жер аты., Қ.-қоға ауд.			Жагалбайлы – Мырза – Біліс – Шонмұрын;
15.	Сақал	бір жер екінші жерді байланыстыруши белік (аралық)	Сирақ-жер аты., Маңқ. ауд.		Әлімұлы – Қарасақал (Сарбаз) Құрман – Айырсақал,	Керейіт – Ақсақал; Тама – Бұрмақ – Кенжебай –
16.	Сирақ	1. таудың төменгі бөлігі, етегі;	Қолтабан-жер аты., Бейн. ауд.	Таздар – Жастабан		Жагалбайлы – Мырза – Сирақты
		2. өзен, көлдің туғы				Керейіт – Ақсақал – Қоспамбет – Сандаұлы – Жастабан
17.	Табан					

\* Ескерту: ру, тайпа және географиялық атаулар құрамындығы анатомиялық терминдерді курсивпен бере отырып, оларды 1-2 мысалдармен шектеуді қажет деп таптық.

\*\* Ескерту: оқырманға түсінікті болу үшін ру, тайпа атаулары кейбір анатомиялық терминдердің қатысуымен географиялық объектілер құрамында болғанымен, ұсынылып отырған кестенің соңғы бағанасында тек Кіші жұз құрамына жататын ру, тайпалардың тармақтары құрамындағы анатомиялық терминдерді, сондай-ақ шінара руарды курсивпен бердік.